

10. Nikolajchuk D.G., Fedyaj D.S., Shramkova O.V. **Specifika formirovaniya issledovatel'skoj kul'tury' sovremennogo pedagoga** [Specifics of the formation of the research culture of a modern teacher]. *Bulletin of the Surgut State Pedagogical University*, 2017, iss. 5(50), available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/spetsifika-formirovaniya-issledovatel'skoj-kul'tury-sovremennogo-pedagoga> (accessed 12. September 2024). (In Russian).

11. Caspersen J., Smeby J.-Ch. **Research-based teacher education in Norway – a longitudinal perspective**. *International Journal of Educational Research*, vol.119, 2023, pp. 102177, available at: <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2023.102177> (accessed 12 September 2024).

12. Joram E., Gabriele A.J., Walton K. **What influences teachers' "buy-in" of research? Teachers' beliefs about the applicability of educational research to their practice**. *Teaching and Teacher Education*, vol. 88, 2020, pp.102980, available at: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2019.102980> (accessed 12 September 2024).

13. Kalieva E.I. **Opyt organizatsii nauchno-issledovatel'skoj raboty' studentov budushchikh pedagogov v usloviyah etnokul'turnogo prostranstva** [Experience in organizing research work of students of future teachers in the conditions of ethnocultural space]. *Knowledge. Understanding. Skill*, 2014, iss. 2, available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-organizatsii-nauchno-issledovatel'skoj-raboty-studentov-buduschih-pedagogov-v-usloviyah-etnokul'turnogo-prostranstva> (accessed 12 September 2024). (In Russian).

14. Taubayeva Sh.T. **Issledovatel'skaya kul'tura uchitelya: metodologiya, teoriya i praktika formirovaniya** [Teacher's research culture: methodology, theory and practice of formation]. Almaty, Alem, 2000, 381 p. (In Russian).

15. Yerdenova G.B. **Fenomen issledovatel'skoj kul'tury' v nepreryvnom mnogourovnevnom pedagogicheskom obrazovanii** [The phenomenon of research culture in continuous multi-level pedagogical education]. *Modern higher school: innovative aspect*, 2012, iss. 3, available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/fenomen-issledovatel'skoj-kul'tury-v-nepreryvnom-mnogourovnevnom-pedagogicheskom-obrazovanii> (accessed 13 September 2024). (In Russian).

16. Bekturganova R.Ch., Bezhina V.V. **Professional'no-issledovatel'skaya kul'tura budushchego uchitelya** [Professional and research culture of future teacher]. Kostanay, 2022, 330 p. (In Russian).

#### Сведения об авторах:

Бежина Виктория Валерьевна\* – PhD, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры иностранных языков, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Темирбаева, 39-284, тел: +7-707-041-18-56, e-mail: [vukvuk85@mail.ru](mailto:vukvuk85@mail.ru).

Бектурганова Римма Чингизовна – доктор педагогических наук, советник Председателя Правления – Ректора, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118, тел.: +7-701-763-51-17, e-mail: [rimma.bekturganova@mail.ru](mailto:rimma.bekturganova@mail.ru).

Бежина Виктория Валерьевна\* – PhD, педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Темирбаев көш. 39-284, +7-707-041-18-56, [vukvuk85@mail.ru](mailto:vukvuk85@mail.ru).

Бектурганова Римма Чингизовна – педагогика ғылымдарының докторы, Басқарма Төрағасы-Ректордың кеңесшісі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, Тәуелсіздік көш, 118, +7-701-763-51-17, [rimma.bekturganova@mail.ru](mailto:rimma.bekturganova@mail.ru).

Bezhina Viktoriya Valeriyevna\* – PhD, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of foreign languages, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 39 Temirbayev Str, apt. 284, tel.: +7-707-041-18-56, e-mail: [vukvuk85@mail.ru](mailto:vukvuk85@mail.ru).

Bekturganova Rimma Chingizovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Advisor to the Chairperson of the Board, President of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 118 Tauelsizdik Str., tel.: +7-701-763-51-17, e-mail: [rimma.bekturganova@mail.ru](mailto:rimma.bekturganova@mail.ru).

XFTAP 14.25.09

ӨОЖ 372.854

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2025\\_1\\_308](https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_308)

#### DIGITAL HISTORY: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӨНІМДЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ НИГИЛИЗМДІ ЖОЮ МҮМКІНДЕРІ

Бектұрғанов Қ.Б.\* – тарих магистрі, педагог-эксперт, Дарынды балаларға арналған «Білім-инновация лицейі», Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Нурпеисова Э.Т. – тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада құндылықтарға негізделген білім берудегі өзекті тақырыптардың бірі – оқушылар бойындағы ұлттық нигилизмнің шығу себептері және оның шешу жолдары қарастырылады. Тарих сабақтарындағы тарихи білім мен ақпараттың заманауи модернее трансформацияға ұшырамауы оқушылар бойында ұлттық нигилизм көзқарастарының қалыптасуының басты себебі ретінде көрсетілген. Оқушылардың өзіндік интеллектуалдық өнімдері арқылы ұлттық нигилизмді болдырмаудың мұғалім тәжірибесіндегі өзінің жеке кейсі ұсынылған. Тарихи сананы қалыптастыруға және ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал ететін тарихи комикстер, интерактивті платформалар және ғылыми жобалар сияқты цифрлық ресурстарды дамытуға баса назар аударылады. Оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлауын ынталандыру арқылы зияткерлік өнімдерді жасауға қатысуға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілдер талданады. Білім беру

процесінде цифрлық тарихты талқылау, оның оқушылардың ұлттық тарихты зерттеуге деген ынтығасы мен қызығушылығына әсері бөлек орын алады. Мақалада ұлттық нигилизмге және өскелең ұрпақтың тұрақты экономикалық ұстанымын қалыптастыруға қарсы күрес құралы ретінде заманауи білімге цифрлық технологиялардың енгізілгені көрсетілген. Зерттеу қорытындылары ұлттық тарихты жаңаша түсіндіру және оны мектеп бағдарламасына заманауи әдістермен енгізу арқылы оқушылардың тарихи білімдерін тереңдетуге болатынын дәлелдейді.

**Түйінді сөздер:** ұлттық нигилизм, интеллектуалдық өнім, digital history, тарихи ақпарат, заманауи оқыту дизайны, Z және Альфа-ұрпақ.

### DIGITAL HISTORY: ВОЗМОЖНОСТИ УЧАЩИХСЯ ИСКОРЕНИТЬ НАЦИОНАЛЬНЫЙ НИГИЛИЗМ С ПОМОЩЬЮ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ПРОДУКТОВ

*Бектұрғанов Қ.Б.\* – магистр истории, педагог-эксперт, Лицей для одаренных детей «Білім-Инновация», г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Нурпеисова Э.Т. – магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*В этой статье рассматриваются причины возникновения национального нигилизма у учащихся и пути его решения, одной из актуальных тем в образовании, основанном на ценностях. Неспособность исторических знаний и информации на уроках истории трансформироваться в современный модерн обозначена как основная причина формирования у учащихся взглядов национального нигилизма. Представлен собственный кейс из опыта учителя по предотвращению национального нигилизма через собственные интеллектуальные продукты учащихся. Основное внимание уделяется разработке цифровых ресурсов, таких как исторические комиксы, интерактивные платформы и открытые проекты, которые способствуют формированию исторического сознания и сохранению национальной идентичности. Анализируются педагогические подходы, позволяющие вовлечь учащихся в создание интеллектуальных продуктов, стимулируя их творческое и аналитическое мышление. Отдельное место занимает обсуждение цифровой истории в образовательном процессе, ее влияние на мотивацию и интерес школьников к изучению национальной истории. Статья демонстрирует внедрение цифровых технологий в современное образование как средства борьбы с национальным нигилизмом и формированием у подрастающего поколения устойчивой экономической позиции. Результаты исследования доказывают, что можно углубить исторические знания учащихся, по-новому объяснив национальную историю и включив ее в школьную программу современными методами.*

**Ключевые слова:** национальный нигилизм, интеллектуальный продукт, digital history, историческая информация, современный дизайн обучения, Z и Альфа-поколение.

### DIGITAL HISTORY: STUDENTS' OPPORTUNITIES TO ERADICATE NATIONAL NIHILISM USING SMART PRODUCTS

*Bekturganov K.B.\* – Master of History, “Bilim-Innovation” lyceum for gifted children, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Nurpeissova E.T. – Master of History, Senior Lecturer of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*This article explores the causes of national nihilism among students and suggests possible solutions, making it a relevant topic in values-based education. The primary reason for the emergence of national nihilism among students is identified as the failure of historical knowledge and classroom instruction to connect with contemporary realities. The author draws on personal teaching experience to demonstrate how fostering students' intellectual contributions can help counteract national nihilism. The main focus is on the development of digital resources such as historical comics, interactive platforms and open-source projects that contribute to the formation of historical consciousness and the preservation of national identity. The pedagogical approaches that allow students to be involved in the creation of intellectual products, stimulating their creative and analytical thinking, are analyzed. A special place is occupied by the discussion of digital history in the educational process, its impact on the motivation and interest of schoolchildren in studying national history. The article demonstrates the introduction of digital technologies into modern education as a means of combating national nihilism and the formation of a stable economic position among the younger generation.*

**Keywords:** national nihilism, intellectual product, digital history, historical information, modern learning design, Z and Alpha generation.

**Кіріспе.** Қазіргі заманауи оқыту процесі – әртүрлі факторлардың әсерінен үнемі дамып, өзгерістерге ұшырайтын күрделі құбылыс. Ол прогресс пен қиындықтардың, жаңашылдықтың қоспасынан тұрады. Осы күнгі қоғамның маңызды аспектісі – технология. Олар біздің өміріміздің барлық аспектілеріне еніп, оны ыңғайлы етті. Алайда цифрлық тәуелділік пен құпиялылық қаупі сияқты жаңа сын-қатерлерді тудырды. Әр сәтте өзгеретін әлемде білім қоғамның болашағын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Заманауи мұғалім білім мен инновацияның сәулетшісі ретінде бұрынғыдан да күрделі бірқатар қиындықтар мен міндеттерге тап болды. Заманауи оқыту дизайндағы мұғалімнің басты ерекшеліктерінің бірі – оның тез өзгеретін технологиялар әлеміне бейімделу қабілеті. Осы тұста мұғалім қызықты оқытуды қамтамасыз ету үшін цифрлық технологияларды, интерактивті қолданбаларды және онлайн ресурстарды меңгеруі керек. Заманауи қоғамның көрінісі осындай сипатта суреттеледі [1, 250 б.].

Заманауи оқыту дизайндағы білім беру саласында ұлттық құндылықтарды құрметтемеу ұлттық рухтың басты дерті болып саналады. Өскелең ұрпақты сол қасиеті үшін кінәлаудың қажеті жоқ. Себебі тарихи ақпарат көп жағдайда классикалық үлгіде ұсынылған (ғылыми еңбектер, монографиялар, диссертациялар және т.б.). Ал

осы күнгі қоғамға қажеті тарихи оқиғалар мен көріністердің қазіргі таңдағы қоғамның қабылдауына сәйкес бейімделуі. Z және Альфа-ұрпақ кітаптағы ақпараттан гөрі қолындағы гаджеттегі ақпаратты оқиды, қабылдайды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрсетілгендей жалпы орта білім берудің негізгі мақсаты – кең ауқымды дағдыларға ие оқушы тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және дамыту үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру [2]. Осы тұста мұғалімнің міндеттеріне оқушылардағы білімді шығармашылық тұрғыдан пайдалануды ұйымдастыру, сын тұрғысынан ойлауды жетілдіру, зерттеу жұмыстарын орындау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жатады. Яғни, мұғалім өз кезегінде осы міндеттерді атқару арқылы оқушы тұлғасында ұлттық сана мен рухты қалыптастыра алады.

Ағымдағы оқыту процесіндегі «Үлгілік оқыту бағдарламасында» «Адам және қоғам» білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны – оқушылардың тарихи ойлау, бүгін және өткенді түсіну және пайымдау дағдыларын және олардың негізінде тәуелсіз пайымдаулар жасауға бағытталған [3]. Үлгілік оқыту бағдарламасында «Қазақстан тарихын» зерделеуде әлемдік тарихи процестер шеңберінде Ұлы дала өркениеті, көшпелілердің мәдени құндылықтары арқылы оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға басымдық беру ұсынылған. Сонымен қатар, қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде Жошы Ұлысы мемлекеттерінің құрылу тарихы мен халықаралық саяси аренадағы дамуы ұсынылған.

Қазіргі таңда білім беру процесі күрделі процесс болып саналады. Оның күрделілігі жаһандану нәтижесінде пайда болған инновациялық технологиялардың әсерінен педагогикалық процестің өзгеріске жиі ұшырауында жатыр. Технологиялардың дамуы өз кезегінде педагогикалық әдістердің дамуы мен трансформациялауына алып келеді. Отандық ғалымдардың зерттеулеріндегі басты мақсат – заман талабына сай педагогикалық білім беру. Осындай зерттеулер қатарына Ш.Т.Таубаева мен Н.С.Әлқожаеваның зерттеулерін жатқызуға болады. Ш.Т.Таубаева өз еңбегінде [4] заманауи педагогиканың философиясын қарастырса, ал Н.С.Әлқожаева [5] заманауи білім берудегі өзгерістерге қарай тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктерін ұсынады.

Осы тақырыптағы шетелдік зерттеулерде Шиллинг М.А. [6], Бартлетт С. [7], Дейл Х. Шунктың [8] еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Бұл еңбектер «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы негізінде қазақстандық қоғамға ұсынылды.

Ал енді білім беру процесіндегі тарихты оқыту бойынша еңбектерге тоқталатын болсақ, Аманжол Күзембайұлы мен Еркін Әбілдің «Тарих теориясы және методологиясы» [9] атты кітабы ерекше маңызға ие. Бұл еңбекте тарихи сананың жалпы түсінігі, оның қалыптасу кезеңдері, тарихи әдістер топтамасы мен тарих философиясы жан-жақты қамтылған. Сонымен қатар, тарихи таным-түсінігіне ғылыми анықтама берілген.

Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы бастамасымен жарыққа шыққан «Тарих пәнін оқытуға жаңаша көзқарас: тиімді оқыту мен оқу тәсілдері» [10] атты еңбек заманауи оқыту процесіндегі тарих пәнінің басты ерекшеліктеріне тоқталады. Автор өзінің еңбегінде тарих пәні арқылы ұлттық тарихи сананы қалыптастыру үшін тиімді әрі нәтижелі саналатын педагогикалық технологияларды ұсынады.

Мақаланың мақсаты – тарих сабақтарындағы тарихи ақпараттың ұсыну форматын трансформациялау арқылы оқушылардың бойында ұлттық тарихи сана көзқарастарын қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін алдыға мынадай міндеттер қойылды:

- тарихи ақпаратты ұсыну форматын қоғамның сұранысына сай етіп трансформациялау;
- сан ғасырлық салт-дәстүрлерімізге модерн жасау арқылы тарихи сананы қалыптастыру;
- тарих сабақтарында тарихи сананы жаңғырту мүмкіндіктерін зерделеу;
- жобалық жұмыстар нәтижесінде ұлттық рух мен сананы қайта жаңдандыру.

Клаус Шваб өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция» [11, 89 б.] кітабында осы күнгі қоғамды 4.0 революция – жасанды интеллектке жатқызады. Бұл дегеніміз – қоғамның сұранысына қарай мұғалімнің оқыту дизайны трансформацияға ұшырауды қажет етеді. Себебі оқыту процесінің басты кейіпкерлері алдымыздағы оқушылар Z және Альфа ұрпақтары болып саналады. 4000 жыл бұрынғы Египет папирустарындағы таңбалар осы күні «What'sApp» мессенджеріндегі сан түрлі эмоцияларға өзгерді. Неге осы күні «Тik-Ток» әлеуметтік желісі 2020 жылы ғана пайда болса да, осыған дейінгі бүкіл әлеуметтік желілерді басып озды? Себебі Тik-Ток-тағы видеолардың ұзақтығы тек 8 секунд. Бұл мысалдан шығатын қорытынды оқушылардың зейіні ақпараттың алғашқы 8 секундтың ғана қабылдайды. Міне, осы проблемалар мен мысалдар жаңа формациядағы мұғалімнің оқыту дизайнын анықтайды [12]. Осы мәселелер негізінде оқушылар бойында тарихи сана туралы көзқарастар пайда болады.

**Материалдар мен әдістер.** «Байырғы қазақ өлшемдері» атты мобильді қосымшасы – дарынды оқушылармен бірлескен жұмыстың нәтижелі өнімі [13]. Қытайдың «балаға балық емес, қармақ беру» философиясы негізінде пайда болған интеллектуалдық өнімнің жарқын көрінісі. Әлемдік өркениеттердің қақтығыс нүктесінде қалыптасқан еуроцентризм көзқарасының жақтастары көшпелі өмір сүрген халықтарда отырықшылық мәдениетке қатысты өнімдердің болмағандығын алдыға тартады. Бұл дегеніміз – отырықшы-егінші мәдениеттің жетістіктері саналатын қазақ даласындағы қалалардың, онда өмір сүрген халықтың күнделікті өмірінде қолданыста болған материалдық өнімдердің, сонымен қатар көшпелілердің интеллектуалдық өнімдерін жоққа шығару. Ал қазақ халқы көне заманнан көшпелі өмір сүргені бәрімізге мәлім.

Бірақ қазақ халқы көшпелі өмір сүрсе де, көптеген ғылыми жаңалықтар ашқан даналықтың көшбасшысы болды. Ол уақытта қазіргідей адам өмірін жеңілдететін ғылыми техникалық прогрестер болмады. Ұлы Даланың иесі саналатын көшпелі қазақтар өз заманындағы теңдесіз төңкерістер жасады. Олардың қатарында қазақтардың байырғы өлшемдері ерекше орынға ие. Осы күнгі қолданыстағы заманауи өлшем бірліктері бар құралдар болмаса да, дана халық өз кезегінде дәлме-дәл жайылымдық пен шабындық жерлерді бөле білді, мезгілдерге қарай жайлау мен қыстауға көшу уақыттарын анықтап, мал шаруашылығындағы маңызды кезең – қойдың жүнін қию кезеңін біле алды. Яғни, көшпелі өмір сүрген қазақ халқы табиғатты басқаруға алғашқы ұмтылыстарын жасады және бұл ұмтылыстар өз жетістіктерін берді.

Тарих оқулықтарында қолданыстан шығып қалған байырғы өлшем бірліктері жиі кездесетіндігі мен оқушылардың өлшем бірліктерін күнделікті өмірде қолданбайтындығы «Байырғы қазақ өлшемдері» атты мобильді


қосымшаның жарыққа шығуына негізгі фактор болды. Бұл қосымша оқушылардың білмейтін көптеген сұрақтарына жауап береді. Оқушылардың төмендегі сұрақтары қосымшаны ойлап табуға өз әсерін тигізді:

- кезіндегі адамдар жайылымдық және егістік жерлерді ру-тайпаларға қалай бөліп берді?
- сұйықтық заттарды қалай өлшеді?
- уақыт мерзімдерін қандай өлшем бірліктерімен дәл анықтай алды?
- салмақ өлшемдері қалай жүзеге асты?

Міне, жоғарыда келтірілген сұрақтар топтамасы оқушылардың қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы жалпы білімі ғана бар екендігін көрсете алды. Сол үшін оқушылардың сұранысына сай, заман талабына бағытталған мобильді қосымша жасау идеясы туындады. Бұл мобильді қосымша кітапта, оқулықта бар ақпаратты тек трансформациялады, яғни классикалық мәтіннен Digital history форматына көшірілді. «Байырғы қазақ өлшемдері» мобильді қосымшасын жасаудағы негізгі мақсат – Ұлы даланы өзіне бағындырған қазақ халқының ғылыми жетістіктеріне заманауи модерн жасау арқылы оқушыларға түсінікті етіп жеткізу.

«Байырғы қазақ өлшемдері» мобильді қосымшасы арқылы мектеп оқулықтарында кездесетін пұт, қарыс, құлаш, мысқал сияқты қолданыстан шығып қалған көне өлшем бірліктерінің жалпы сипаттамасын, сонымен қатар қоғамда жиі пайдаланатын өлшем бірліктеріне арақатынасын анықтай алады. Біздің жобалық жұмысымыздың ерекшелігі оқушылардың зейіндік қызығушылықтарының өзіндік мәнді детальдарына толықтай сәйкес келеді. Бұл мобильді қосымшаны «Қазақстан тарихы» сабақтарында қолданып, оқушылардың қазақтың байырғы өлшем бірліктеріне туралы білім деңгейін арттыруға болады. Тек білім деңгейін ғана арттырып қоймай, олардың бойындағы ұлттық сана-сезім мен ұлттық рухты қалыптастыруға өз септігін тигізетіні өзіміздің тәжірибемізден анықталды.

Оқушылар қазіргі таңда еуроцентристік көзқарасты насихаттайтын өзінің гаджетіндегі қолжетімді әрі оңай түсіндірілетін қосымшаларға тәуелді. Ол қосымшалардың артықшылығы – Z және Альфа-ұрпақ үшін оның ықшамды түрімен есептеледі. Осының нәтижесінде қазақ халқына деген құрмет азаяды, ұлттық құндылықтарға кереғар көзқарастар көбейеді. Оның салдары алдымызда отырған оқушылардың тарихи санасында қалыптасатын кереғар пікірлерден көрініс табады. Бұл көзқарастар мен пікірлерге Ұлы Далада пайда болған интеллектуалдық жетістіктерді мойындамауды, ғылыми жаңалықтарды жоққа шығаруды, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени және рухани мұрасын құрметтемеуді жатқызуға болады. Алайда, оқушылардың бұл пікірлері мен көзқарастары үшін оларды кінәлаудың қажеті жоқ. Себебі қолданыстағы тарихи білімдердің ұсынылу форматы оқушылардың сұранысына сәйкес келмейді. Яғни, проблеманы тарихшы мұғалімдер, әріптестер, өздерімізден бастау керекпіз деп ойлаймын.



1-сурет – Білім алушылардың тарихи білімін арттыратын көмекші құралдар

**Нәтижелер және оны талдау.** Бүгінгі тарих сабақтары тікелей ұлттық рухты тәрбиелеу құралы саналғандықтан заманына сай оқушылардың сұраныстарына сәйкес болуы керек деп ойлаймын. Бұл дегеніміз классикалық тарихи білімдер мен ақпараттар SMART-мақсаттарға жауап беретін оқыту дизайнына трансформациялануы шарт. Осылай өскелең ұрпақ бойында ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған элементтерді қалыптастыруға болады. Осыған орай, өз тәжірибемде қолданған және оң нәтиже берген оқушылардың өздері жасаған интеллектуалдық өнімдерін ұсынғым келеді.

«Байырғы қазақ өлшемдері» – ұлттық құндылықтарымызға деген құрмет пен мақтаныш сезімін оятатын мобильді қосымша. Мобильді қосымша – оқушылардың барлық сұраныстарына жауап беретін, сонымен қатар оқушылардың қолынан тастамайтын гаджетіне жүктеп алуға болатын қосымша. Оқушының интеллектуалдық өнімінің өзіндік ерекшелігі – ұмыт қалған байырғы қазақ өлшемдерін бүгінгі таңдағы қолданыстағы өлшем бірліктеріне конвертация жасайды және Playmarket цифрлы қосымшалар платформасында қызығушылық танытқан қолданушылардың бәріне қолжетімді [13]. Бұл қосымша оқушылардың санасында қазақ халқының дана халық екендігін, өз уақытысында озық ғылыми жаңалықтар мен тәжірибелер қолданғандығын дәлелдей алады. Тарихи ақпаратты ұсыну форматы классикалық мәтін түрінен заманауи цифрлы форматқа көшіріліп, тарих ғылымының басты проблемаларының бірін шеше алды.

Біз ұсынып отырған мобильді қосымша «Қазақстан тарихы» сабақтарында байырғы өлшем бірліктері айтылатын тақырыптарды түсіндіргенде таптырмас көмекші құрал болады. Мысалы, 8-сыныптағы «Қазақстандағы ұжымдастыру» тақырыбын түсіндіргенде астық жинаудағы салмақ өлшемі «пұт» сөзі кездеседі. Ауылшаруашылығын ұжымдастырудың 1928 жылы 300 млн пұт астық дайындалды. Осы тұста оқушыда салмақ өлшеу бірлігіне жататын пұтқа қатысты заңды сұрақ туындайды. Мұғалім мобильді қосымшаның көмегімен оқушыға пұт сөзінің мағынасын толықтай түсіндіре алады. Сонымен қатар, мобильді қосымша арқылы пұттың қолданыстағы салмақ өлшемі килограммға пропорциясын анықтайды.


Осы ғылыми жобамызды бастамас бұрын оқушылар арасында арнайы сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға 7-11-сынып оқушылары қатысып, байырғы қазақ өлшемдері туралы өз білімдерімен бөлісті.

Сауалнамаға қатысқан 100 оқушыға «Сіз байырғы қазақ өлшем бірліктерін білесіз бе?» деген сұрақ қойылды. Ал, жауап нұсқалары ретінде «мүлдем білмеймін», «оқулықтан көрдім», «үлкендерден естідім», «БАҚ арқылы білемін» деген жауаптар ұсынылды. Сауалнама нәтижесі бойынша 65 оқушы байырғы қазақ өлшемдері туралы мүлдем білмейтіндігі анықталды. Бұл көрсеткіш біздің жобамыздың өзектілігін айқындауға нақты себеп болды. Көрсеткіш тек сандар ғана емес, сонымен қатар оқушылар бойында ұлттық санаға деген төмен көзқарастарының қалыптасуы мүмкін екендігін анықтайды. Қатысушылардың тек 8,2% ғана байырғы қазақ өлшемдері туралы білімді оқулықтан көргендігі, оқулық арқылы білетіндігі анықталды. Мұндай нәтиже білім беру процесінде ақпаратты ұсыну форматы өзгеріске ұшырауы керектігін алдыға тартады.



2-сурет – Сауалнама қорытындысы

Сауалнама нәтижесіне байланысты тарих сабақтарында байырғы қазақ өлшемдері туралы білімді арттыру мақсатында мобильді қосымшаны қолдану ұсынылды. Мобильді қосымшаны қолдану арқылы оқушылардың бойында өз ұлтына деген мақтаныш сезімін оятуға болатындығы дәлелденді. Мобильді қосымшаның қолдану негізінде оқушылардың білім сапасы 76% жоғарылағандығын аңғаруға болады.



3-сурет – Мобильді қосымшаны қолданудан кейінгі білім сапасы


Бұл жобаның апробациядан өтуін төмендегі жетістіктермен анықтауға болады:

- 2022 жылы мобильді қосымшаның ықшамдалған форматындағы оқушы өнімі облыстық «Зерде» ғылыми жобалар конкурсына қатысып, жүлделі II орынға ие болды.
- 2023 жылы жобалық жұмысымыз толық аяқталып, облыстық кезеңде үздік танылды. Ендігі мақсат республикада жобамызды қорғап шығу.
- 2023 жылы пән мұғалімі ретінде республикалық «Педагогикалық идеялар фестиваліне» қатысып, жеңімпаз атандым.
- 2024 жылы 6-9 ақпан күндері Щучинск қаласында «Балдаурен» лагерінде республикалық «Зерде» ғылыми жобалар конкурсы өткізілді. Біз дайындаған «Байырғы қазақ өлшемдері» атты жобасы «Этномәдениеттану» секциясында бас жүлдені иеленді.

Оқушылармен бірлесіп жасаған келесі интеллектуалдық өнім «Coloring book». «Coloring book» – оқушыларға тарихи білімді ұзақ әрі қиын мәтіндермен емес, қысқа әрі қызықты етіп ұсынатын интерактив көмекші құрал. Көмекші құрал 5-6-сыныптарға, сонымен қатар кішкентай балаларға тарихи білімді ұсынуға арналған. Еліміздегі Магwin дүкендерінде көптеген, батыс мәдениетін насихаттайтын орыс тілді «боямақ» түрлері өте көп. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылықтарды салыстыру негізінде қалыптасатын ұлттық көзқарастың пайда болуына алып келеді. «Боямақ» – балаларда моторикалық қабілеттерді дамытуға арналған интеллектуалдық өнім. Көптеген ата-аналар өз балаларына моторикалық іс-әрекеттер арқылы дамуды мақсат етіп, қызықты боямақтарды алып беруі мүмкін. Бірақ боямақпен айналысқан бала тек суретті ғана бояп қоймай, суреттегі тұлға мен оқиғаның тарихы, оның өмірдегі маңызы, тарихи байланысы және суреттің өзектелігімен танысады.

Оқушылармен бірлескен жұмыс нәтижесінде жарыққа шыққан «Coloring book» оқушылардың қызығушылықтарының талабына толықтай сәйкес келеді. Біз жасаған алғашқы туынды өлкеміздің атаулар тарихына арналды. Облысымызда Жітіқара, Арқалық қаласы, Қарабалық аудандары бар. Сауалнама нәтижесінде оқушылар осы атаулардың этимологиялық тарихын білмейтін болып шықты. Осы олқылықтың алдын алу үшін Қостанай өлкесінің атаулар тарихына арналған «Coloring book» өмірге келді. Оқушылар жасаған интеллектуалдық өнімде өңірдің тарихына қатысты QR-сканерде көрсетілген анимациялық бейне мен сол өлке атауын анықтайтын сурет салынды.

«Coloring book» оқушылардың интеллектуалдық өнімі тарихи сананың жаңғыртуына өз септігін тигізеді. Мұндай өнімдер тарихи оқиғалардың динамикасын қызықтырақ көрсетуге көмектеседі. Заманауи технологиялар арқылы ұлттық мәдени мұраларға қызығушылық артып, тарих қойнауында жатқан тұлғаларға деген еліктеушілік пайда болады.



4-сурет – «Coloring book» тан үзінді

#### Ұсыныстар

1. «Зерде», «Менің кіші Отаным», республикалық ғылыми жұмыстар байқауларында зерттеу жұмысының нәтижесі оқушылармен бірігіп жасаған интеллектуалдық өнімдерді жарыққа шығару;
2. тарихи процестер мен оқиғаларды, материалдық игіліктерімізді дәріптейтін, ғасыр қойнауындағы техникалық жаңалықтарды зерттеуді күн тәртібіндегі басты мәселеге айналдыру;
3. қазақ даласында орналасқан тарихи ескерткіштерге (кесенелер, қалалар, қорғандар) 3D визуализация жасау;
4. тарихи сананы қалыптастыру үшін анимациялық мультфильмдерді көмекші құрал ретінде қолдану.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде заманауи интеллектуалдық құралдардың өзектілігі, сонымен қатар оқушылардың тарихи білімін арттырудағы басты аспектілері зерделенді. Қазіргі таңдағы тарихи білімнің ұсынылу форматының трансформацияға ұшырауы тақырыптың өзектілігі ретінде көрсетілді. Осы бөлімде зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық шолу жасалып, негізгі идеялары сараланды.

Әдістеме бөлімінде оқушылармен бірігіп жасаған «Байырғы қазақ өлшемдері» мобильді қосымшасы мен «Coloring book» көмекші құралдарының жарыққа шығуына әсер еткен факторлар талқыланды. Бұл екі көмекші құралдың оқушылардың тарихи білімін жетілдірудегі өзіндік ерекшеліктері мен қолдану тетіктері туралы мұғалімнің жеке кейсі ұсынылды. «Байырғы қазақ өлшемдері» мобильді қосымшасының Playmarket цифрлы қосымшалар платформасында кез келген тұтынушыға қолжетімділігі оның өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Мақаланың практика бөлімінде жоғарыда аталған екі құралды тәжірибелік сынақтан өткізу бойынша атқарылған жұмыстар мен олардың нәтижелері зерделенді. Сауалнамаға қатысқан сыныптар пен оқушылар саны зерттеудің тәжірибелік бөлімінің басты субъектілері болды. Заманауи көмекші құралдар арқылы оқушылардың тарихи білімін жетілдіруге болатындығы туралы дәлелдер келтірілді. Сонымен қатар, осы бөлімде тақырыптың апробациядан өтуі бойынша оқушылардың облыстық және республикалық ғылыми жобалар сайыстарындағы жетістіктері көрсетілді.

Қорытындылай келе, Әлихан Бөкейханов айтқандай: [14] «...әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар». Өз дәуірінде халқының болашағын ойлаған тұлғалар, халықтың ұлт болып қалыптасуында маңызды рөл атқарған тарихи процестер, қазақ тарихының қойнауында жатқан тарихи көріністер мен оқиғалар өзінің қоғамға ұсынылуын күтіп жатыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Джорданова Людмила. Тарихи білім: пәні мен зерттеу әдістері** [Мәтін]. /Л. Джорданова – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 376 б.
2. **Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы** [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (жүгінген күні 09.10.2024).
3. **«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат** [Электронды ресурс] URL: [https://uba.edu.kz/storage/app/media/2024%202024%202024%202024%202020KZ%20%2020KZ%20%2020KZ%20%2020KZ.pdf](https://uba.edu.kz/storage/app/media/2024%202024%202024%202024%202020KZ%20%2020KZ%20%2020KZ%20%2020KZ%20%2020KZ.pdf) (жүгінген күні 10.10.2024).
4. **Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдістемесі** [Мәтін]: оқулық / Ш. Таубаева – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 13-15 б.
5. **Әлқожаева Н.С. Білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыру** [Мәтін]: монография/ Н. Әлқожаева – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 311 б.
6. **Шиллинг М.А. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент** [Мәтін] / М. Шиллинг – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 380 б.
7. **Бартлетт С. Білім берудегі зерттеулер** [Мәтін] / С. Бартлетт – Нұр-Сұлтан: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 б.
8. **Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы** [Мәтін] / Х. Ш. Дейл – Нұр-Сұлтан: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 б.

9. Күзембайұлы А., Әбіл Е. **Тарих теориясы және методологиясы** [Мәтін] / А. Күзембайұлы, Е. Әбіл - Қостанай: «Центриум», 2015. – 220 бет.
10. **Тарих пәнін оқытуға жаңаша көзқарас: тиімді оқыту мен оқу тәсілдері** [Мәтін]: әдістемелік нұсқаулық / құраст. Р.Чекетаева – Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 100 б.
11. Шваб К. **Четвертая промышленная революция** [Мәтін] / К. Шваб– Москва: «Эксмо», 2016. – 137 ст.
12. **Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны** [Мәтін] / Э. Битэм, Р. Шарп – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.
13. **«Байырғы қазақ өлшемдері» қосымшасы** [Электронды ресурc] <https://surl.li/bkzkc> (жүгінген күні 10.10.2024).
14. **Әлихан Бөкейхан шығармалары** [Мәтін]. 1-том / Ә. Бөкейхан – Астана: «Сарыарқа», 2016. – 205 б.

REFERENCES:

- 1 **Dzhordanova Lyudmila. Tarihi bilim: pani men-zertteu-adistei** [Historical education: subject and research methods]. “Ultyk audarma byurosy” kogamdyk kory, 2020, 376 p. (In Kazakh).
- 2 **Bilim berudin barlyk dengejinin memlekettik zhalpyga mindetti bilim beru standarttaryn bekitu turaly** [On approval of State mandatory educational standards at all educational levels of]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (accessed 10 September 2024). (In Kazakh).
- 3 **«2024-2025 oku zhylynda Kazakstan respublikasynyn zhalpy bilim беретin mektepterinde bilim beru procesin ujymdastyrudyn ereksheликтері туралы» адистемелік нускау hat** [Methodological and instructional letter "On the features of the organization of the educational process in general education schools of the Republic of Kazakhstan in the 2024-2025 academic year]. Available at: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2024%202024%202024%-20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZ.pdf> (accessed 10 October 2024). (In Kazakh).
- 4 **Taubaeva Sh.T. Pedagogikanyn filosofiyasy zhane adistemesi: okulyk** [Philosophy and methodology of pedagogy]. Almaty, Kazak universiteti, 2016, pp.13-15. (In Kazakh).
- 5 **Alkozhaeva N.S. Bilim beru paradigmalary konteksinde tulganyn ruhani duniiesin kalyptastyru: monografiya** [Formation of the spiritual world of the individual in the context of educational paradigms]. Almaty, Kazak universiteti nnnnnn, 2016, 311 p. (In Kazakh).
- 6 **Shiling M.A. Tehnologialyk inovasiyadagy strategiyalyk menedzhment** [Strategic Management in technological innovation]. Almaty, «Ultyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2019, 380 p. (In Kazakh).
- 7 **Bartlett S. Bilim berudegi zertteuler** [Research in education]. Nur-Sultan, «Ultyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2020, 464 p. (In Kazakh).
- 8 **Deil H. Shunk. Okytu teoriyasy** [Learning theory]. Nur-Sultan, «Ultyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2020, 464 p. (In Kazakh).
- 9 **Kuzembaiuly A., Abil E. Tarih teoriyasy zhane metodologiyasy** [Theory and methodology of history]. Kostanay, Centrium, 2015, 220 p. (In Kazakh).
- 10 **Cheketaeva R. Tarih panin okytuga zhanasha kozkaras: tiimdi okytu men oku tasilderi: adistemelik nuskaulyk** [A new approach to teaching history: effective teaching and learning methods]. Astana, Nazarbaev ziatkerlik mektepteri DBBU pedagogikalyk sheberlik ortalygy, 2018, 100 p. (In Kazakh).
- 11 **Shvab K. Chetvyortaya-promy'shlennaya-revolyuciya** [The Fourth Industrial Revolution]. Moscow, Eksmo, 2016, 137 p. (In Russian).
- 12 **Elen Bitem, Rona Sharp. Pedagogikany sifryk dauirde kaita zerdeleu. NHI gasyrdagy okytu dizainy** [Re-studying pedagogy in the digital age. Training design in the XXI century]. Almaty, «Ultyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2019, 328 p. (In Kazakh).
- 13 **«Baiyrgy Kazak olshemderi» kosymshasy** [Old Kazakh measures]. Available at: <https://surl.li/bkzkc> (accessed 10 September 2024). (In Kazakh).
- 14 **Alikhan Bokeikhan shygarmalary** [Works of Alikhan Bukeikhan]. 2016, vol. 1, Astana, Saryarka, 205 p. (In Kazakh).

Авторлар туралы мәліметтер:

*Бектұрғанов Қуаныш Берікболатұлы\* – тарих магистрі, педагог-эксперт, Дарынды балаларға арналған «Білім-инновация лицейі», Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Юбилейный көш, 15, e-mail: kuaniw-95@ail.ru, моб. +7-707-604-27-74.*

*Нурпеисова Эльмира Тулегеновна – тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш, 47, e-mail: elmira\_tylegen@mail.ru, моб. +7-701-832-00-12.*

*Бектурғанов Қуаныш Берікболатович\* – магистр истории, педагог-эксперт, Лицей для одаренных детей «Білім-Инновация», Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, мкрн. Юбилейный 15, тел.: +7-707-604-27-74, e-mail: kuaniw-95@ail.ru.*

*Нурпеисова Эльмира Тулегеновна – магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, Байтұрсынова, 47, тел.: +7-701-832-00-12, e-mail: elmira\_tylegen@mail.ru.*

*Bekturganov Kuanysh Berikbolatovich\* – Master of history, “Bilim-Innovation” lyceum for gifted children, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 15 Yubileiniy Str., tel.: +7-707-604-27-74, e-mail: kuaniw-95@ail.ru.*

*Nurpeisova Elmira Tulegenovna – Master of History, Senior Lecturer of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 47 Baitursynov Str., tel.: +7-701-832-00-12, e-mail: elmira\_tylegen@mail.ru.*